

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ФОРМИРОВАНИЮ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ
ДОШКОЛЬНИКОВ**

Астана 2024

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2024 ж. – 27 бет.

Пікір жазғандар:

Сактаганов Б.К., PhD доктор

Смагулова Б.Б., меңгеруші

Бектемисова К.К., әдіскер

Әдістемелік ұсынымдарда мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2024 жылғы 24 шілдедегі № 6 хаттама).

«Балаларды ерте дамыту институты», 2024 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру заманауи білім берудің басым міндеттерінің бірі болып табылатындықтан әдістемелік ұсынымдар өзекті болып табылады.

Климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның ластануы және биоалуантүрліліктің жоғалуы сияқты жаһандық экологиялық сын-қатерлер жағдайында табиғатқа жауапты қарауға баулуды ерте жастан бастау маңызды.

Мектепке дейінгі жас - бұл балаларда әлем туралы негізгі түсініктер, дүниетаным мен мінез-құлық негіздері қалыптасатын кезең [1]:

- экология негіздерімен таныстыру;
- балаларға табиғат және экологиялық процестер туралы базалық білім беру;
- байқағыштық пен білуге құштарлықты дамыту;
- балалардың қоршаған әлемді зерделеуге қызығушылығын арттыру;
- экологияға жауапты қарауды қалыптастыру;
- балаларды табиғи ресурстар мен қоршаған ортаға ұқыпты қарауға баулу;
- экологиялық мәселелерге ата-аналар мен қоғамды тарту;
- балаларды экологиялық тәрбиелеуге ата-аналардың белсенді қатысуы үшін жағдайлар жасау.

Әдістемелік ұсынымдарды іске асыру балалардың экологиялық сауаттылық деңгейін арттыруға, табиғат пен экологиялық мәселелерге қызығушылықты қалыптастыруға, экологияға жауапты қарау дағдыларын дамытуға, қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде педагогтер, балалар мен ата-аналар арасында өзара ықпалдастықты нығайтуға мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру маңызды және өзекті міндет болып табылады, оны іске асыру педагогтердің, балалар мен ата-аналардың жүйелі және мақсатқа бағытталған жұмысын талап етеді.

Балаларды ерте жастан бастап табиғатқа қамқорлық танытуға баулу келешекте қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысатын жауапты және экологиялық сауатты азаматтарды тәрбиелеудің кепілі болады.

Әдістемелік ұсынымдар мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша практикалық нұсқаулық болып табылады.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтеріне әдістемелік көмек көрсету.

КІРІСПЕ

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру маңызды, өйткені ерте жаста қоршаған әлемге деген қарым-қатынастың негізі және өмірлік құндылықтар қалыптасады.

Жаһандық жылыну, қоршаған ортаның ластануы және биологиялық әртүрліліктің жоғалуы сияқты қазіргі кездегі экологиялық мәселелер қоғамнан белсенді іс-қимыл мен адамдардың мінез-құлқын өзгертуді талап етеді [2].

Экологиялық сауатты азаматтарды тәрбиелеу балабақшадан басталады, онда балалар табиғат туралы бастапқы білім алады және оған қамқорлықпен қарауды үйренеді.

Қазіргі кезде урбандалу және технологиялық прогресс жағдайында балалар табиғатпен сирек байланыста болады. Бұл оларда адам мен қоршаған ортаның өзара байланысы туралы дұрыс түсініктің қалыптаспауына әкеледі.

Демек, педагогтердің басты міндеттерінің бірі – тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар практикалық әрекетті де қамтитын экологиялық тәрбие үшін жағдай жасау.

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізгі мақсаты – балаларды табиғатқа саналы және жауапкершілікпен қарауға баулу, оны келешек ұрпақ үшін сақтаудың маңызын түсіндіру.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді іске асыру қажет:

- балаларды экологияның негізгі түсініктерімен және заңдарымен таныстыру арқылы экология негіздерін оқыту;
- балаларды табиғат құбылыстарына қызығушылық танытуға тәрбиелей отырып, байқағыштық пен білуге құштарлықты дамыту;
- табиғи ресурстар мен қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау дағдыларын жетілдіру арқылы экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастыру;
- ата-аналар мен қоғамды балалар мен олардың ата-аналарының бірлескен экологиялық әрекетіне жағдай жасауға тарту.

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар балалардың экологиялық сауаттылық деңгейін және табиғат пен экологиялық мәселелерге қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ экологиялық жауапты мінез-құлық дағдыларын дамытуға және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде педагогтер, балалар мен олардың ата-аналары арасындағы өзара әрекетке мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша жүйелі және мақсатқа бағытталған жұмыс табиғатқа қамқорлықпен қарайтын және келешек ұрпақ үшін қоршаған ортаны сақтауға ұмтылатын өскелең ұрпақты тәрбиелеу жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Педагогтердің назары мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталуы қажет.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру – балаларға қоршаған ортаға жауапты қарауға септігін тигізетін тәрбиенің маңызды аспектісі, сондай-ақ тиімді және мақсатқа бағытталған тәрбие жүйесін құруға ықпал ететін қағидаларға негізделеді.

Негізгі қағидалар:

- көрнекілік қағидасы;
- бірізділік және жүйелілік қағидасы;
- практикаға бағытталған қағида;
- кіріктіру қағидасы;
- ойын түрінде оқыту қағидасы;
- балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қағидасы;
- табиғилылық қағидасы;
- белсенділік және дербестік қағидасы;
- ынтымақтастық қағидасы.

1-кесте Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізгі қағидалары

№	Қағидалар	Әрекеттер	Нәтиже
1	Көрнекілік қағидасы	Балалар экологиялық құбылыстарды елестете алатындай көрнекі материалдарды (суреттер, фотосуреттер, бейнежазбалар) қолдану қажет	Көрнекі материалдарды қолдану балаларға ақпаратты жақсы түсінуге және есте сақтауға көмектеседі
2	Бірізділік және жүйелілік қағидасы	Оқыту қарапайымнан күрделіге қарай бірізді жүргізілуі тиіс	Білім мен дағдылар алдыңғы материалды меңгеру деңгейіне сәйкес біртіндеп енгізіледі. Жүйелі тәсіл экологиялық білімді бекітуге және кеңейтуге мүмкіндік береді.
3	Практикаға бағытталған қағида	Балалар алған білімді іс жүзінде қолдану үшін ұйымдастырылған іс-әрекеттерге практикалық әрекеттерді (өсімдіктерді отырғызу, оларға күтім жасау) енгізу	Балалар өсімдіктерді отырғызу, жануарларға күтім жасау, қоқыс жинау, экологиялық акцияларға қатысу сияқты табиғатпен байланысты әрекеттерге қатысады. Бұл оларға теориялық білімді практикада қолдануға және өз әрекеттерінің маңызын түсінуге септігін тигізеді
4	Кіріктіру қағидасы	Экологиялық тәрбие түрлі балалар әрекеттеріне кіріктірілуі тиіс	Экологиялық тақырыптардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттер құзыреттіліктер арқылы (физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық дағдылар) кіріктірілуі мүмкін, бұл балаларға экология мен өмірдің басқа аспектілері арасындағы

			байланысты көруге мүмкіндік береді
5	Ойын түрінде оқыту қағидасы	Балаларға оқыту қызықты болу үшін ойын әдістерін қолдану	Ойын мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші әрекеті болып табылады, сондықтан ойын әдістерін тәрбиелеу-білім беру процесінде қолдану тиімді. Экологиялық ойындар, квест, сюжетті-рөлдік ойындар және викториналар балаларға ақпаратты қызықты және түсінікті түрде қабылдауға көмектеседі.
6	Балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қағидасы	Оқыту балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес болуы қажет	Бөбек жасындағы балаларға қарапайым және көрнекі материалдармен орындалатын тапсырмалар беру, ал мектепке дейінгі жастағы балалар үшін неғұрлым күрделі және абстрактілі түсініктерді қолдануға болады
7	Табиғилылық қағидасы	Балаларға адам табиғаттың бір бөлігі және оның әрекеті үйлесімді болу керек екенін, қоршаған ортаға зиян келтірмеуі тиіс екенін көрсету маңызды	Тәрбие табиғатты және оның заңдылықтарын сақтау негізінде құрылуы қажет
8	Белсенділік және дербестік қағидасы	Экологиялық тәрбие барысында балалардың белсенділігі мен дербестігін ынталандыру қажет	Балалар табиғатпен және қоршаған ортамен байланысты құбылыстарды зерттеп, эксперимент жасап, қорытынды жасауы және шешім қабылдай алуы қажет
9	Ынтымақтастық қағидасы	Экологиялық мәдениетті қалыптастыру педагогтер, балалар мен олардың ата-аналары арасындағы ынтымақтастықты қажет етеді	Бірлескен жобалар, отбасылық экологиялық акциялар мен іс-шаралар экологиялық білімді бекітуге, дағдыларды жетілдіруге, сондай-ақ қоршаған ортаға жауапты қарау сезімін дамытуға ықпал етеді

Бұл қағидаларды тәрбиелеу-білім беру процесінде қолдану мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін негіз болып табылады, олардың табиғатқа сүйіспеншілік пен қамқорлық танытуына, сонымен қатар қоршаған ортаға қамқорлық жасауға дайын жауапты азаматтарды тәрбиелеуге ықпал етеді.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТИ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру оларға экологиялық білімді жақсы түсінуге және меңгеруге, дағдыларды дамытуға, құнды бағдарларды қалыптастыруға ыпал ететін түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жүргізуде қолдануға болатын негізгі әдістер мен тәсілдер:

- 1) бақылау;
- 2) экскурсия мен серуен;
- 3) ойын әдістері;
- 4) жобалау әрекеті;
- 5) шығармашылық әрекет;
- 6) педагогтің көркем шығармаларды оқып беруі және оларды талқылау;
- 7) эксперимент жасау;
- 8) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану;
- 9) ата-аналарды тарту (2-кесте).

2-кесте Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізгі әдістері мен тәсілдері

№	Әдістер мен тәсілдер	Сипаттамасы	Нұсқалары
1	Бақылау	Бақылау экологиялық тәрбиенің негізгі әдісі болып табылады, ол балаларға қоршаған әлемді көруге және қабылдауға ықпал етеді	Табиғат құбылыстары: ауа-райын, маусымдық өзгерістерді бақылау. Өсімдіктер мен жануарларды бақылау: топтағы өсімдіктерге күтім жасау, хайуанаттар бағында немесе саябақта жануарларды бақылау.
2	Эксперсия мен серуен	Табиғатқа экскурсия мен серуен ұйымдастыру балаларға қоршаған ортамен тікелей қарым қатынас жасауға көмектеседі	Саябақтар мен ормандарға экскурсияға бару: балаларды әртүрлі экожүйелермен таныстыру. Ботаникалық бақтар мен хайуанаттар бағына бару, өсімдіктер мен жануарлар туралы білімді кеңейту
3	Ойын әдістері	Ойындарды қолдану экологиялық білімді қызықты түрде меңгеруге ықпал етеді	Сюжетті-рөлдік ойындар: орманға, өзен-көлдерге немесе хайуанаттар бағына экскурсияға бару балаларға жануарлардың мінез-құлқы мен тіршілігін тануға көмектеседі. Дидактикалық ойындар: викториналар, пазлдар, экологиялық лото және

			қалдықтарды сұрыптау ойындары
4	Жобалау әрекеті	Жобалар балаларға іс-шараларға қатысуға, олардың бастамашылдығы мен жауапкершілігін дамытуға көмектеседі	Шағын бау-бақша ұйымдастыру: өсімдіктерді отырғызу және оларға күтім жасау. Экологиялық акциялар: аумақты жинау, ағаш отырғызу
5	Шығармашылық әрекет	Шығармашылық элементтерін енгізу эмоционалды саланың дамуына және табиғатты эстетикалық тұрғыдан қабылдауға ықпал етеді	Экологиялық тақырыптарға сурет салу және жапсыру: табиғаттың суретін салу, жануарларды бейнелеу. Модельдеу және құрастыру: табиғат нысандарының макеттерін жасау
6	Педагогтің көркем шығармаларды оқып беруі және оларды талқылау	Педагогтің шығармаларды оқып беруі және олардың мазмұнын талқылауы балаларға экологиялық мәселелерді жақсы түсінуге көмектеседі	Табиғат туралы ертегілер мен әңгімелер оқып беру. Олардың мазмұнын талқылау: балалардың пікірлерін, олардың кейіпкерлер мен оқиғаларға деген көзқарасын түсіндіру
7	Эксперимент жасау	Қарапайым тәжірибелер жасау балаларға табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын түсінуге ықпал етеді	Өсімдіктерге тәжірибе жасау: тұқымның өнуін, жарық пен судың өсімдіктердің өсуіне әсерін бақылау. Сумен тәжірибе жасау: судың қасиеттерін, табиғаттағы су айналымын зерделеу
8	Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану	АКТ тәрбиелеу-білім беру процесін әсерлі және қызықты етеді	Бейнефильмдер мен мультфильмдер қарау: табиғат туралы танымдық фильмдер қарау. Интерактивті қосымшалар мен ойындарды қолдану: экологиялық тақырыптағы оқу бағдарламалары мен ойындар
9	Ата-аналарды тарту	Ата-аналардың экологиялық тәрбиеге белсенді қатысуы біліктер мен дағдыларды нығайтуға көмектеседі	Бірлескен жобалар мен іс-шаралар: отбасылық экологиялық акциялар мен жобаларға қатысу. Ата-аналарды үйде экологиялық тақырып бойынша тапсырмаларды орындауға тарту

Бұл әдістер мен тәсілдер тәрбиеленушілердің табиғатқа саналы көзқарасын қалыптастыруға, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау дағдыларын дамытуға және экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыруға септігін тигізеді.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

МДҰ-ның топтарында тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастыру ұсынылады:

- балаларда өсімдіктерге күтім жасау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін «жасыл аймақ» ұйымдастыру;

- табиғат туралы біліктер мен дағдыларды нақтылауға және бекітуге ықпал ететін демонстрациялық материалдар жинау (гербарий, коллекциялар, альбомдар, табиғат туралы мақал-мәтелдер, халықтың болжамдары).

Тақырыптық серуен мен экскурсияны жиі өткізу ұсынылады. Экскурсия — экологиялық мәдениетті қалыптастыру процесінде ересектер мен балалардың бірлескен әрекеттерінің бірі. Экскурсия барысында балалар табиғи жағдайда табиғат құбылыстарын, маусымдық өзгерістерді бақылай алады. Экскурсиялардың артықшылығы — мұнда балаларға өсімдіктер мен жануарларды олардың тіршілік ету ортасында көруге мүмкіндік беріледі. Өсімдіктер мен жануарлар, өлі табиғат құбылыстары туралы нақты ақпаратты жинақтауда бақылау маңызды әдіс болып табылады, бақылау арқылы бала объектілердің сыртқы қасиеттерін (түсі, құрылымы, иісі және т.б.) ғана емес, сондай-ақ олардың ортамен байланысын да біледі. Балалармен жұмыс жүргізу әдісі ретінде бақылауды күнделікті өмірде жиі қолдану, ал ұйымдастырылған іс-әрекетте балалардың бақылау барысында алған білімін жалпылау, нақтылау ұсынылады.

Табиғатпен таныстыруды түрлі нысанда: ұйымдастырылған іс-әрекетте және күнделікті өмірде (еңбекте, ойындарда) жүзеге асыру.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыста балалар әрекетінің түрлерін қолдану. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруды көркем әдебиетті оқып берумен, иллюстрациялар мен бейнефильмдерді көрсетумен сүйемелдеу қажет.

Табиғаттағы еңбектің экологиялық тәрбие жүйесінде маңызы зор. Еңбек процесінде балалар табиғатқа қамқорлықпен қарауға үйренеді. Табиғаттағы еңбек арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға сенсорлық тәрбие беру үшін қолайлы жағдайлар жасалады, еңбек процесінде білім беру міндеттері де іске асырылады. Балалар еңбек нысандары, өсімдіктердің қасиеттері, олардың құрылысы, қажеттіліктері туралы түсінік алады.

Балаларға экологиялық білім берудің тиімді және қызықты құралдарының бірі-табиғи материалдармен ойналатын дидактикалық ойындар. Ойын балаларға қуаныш сыйлайды және олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Ойын барысында балалар қоршаған әлем туралы білім алады, танымдық қызығушылықтары оянады, педагогтер оларды табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулиды, сондай-ақ табиғатта өзін ұстай білуге тәрбиелейді. Ойын балалардың ой-өрісін кеңейтеді, сенсорлық тәрбиенің міндеттерін іске асыруға қолайлы жағдайлар жасайды. Табиғи

материалдармен ойнай отырып, балалар табиғат нысандарының қасиеттерімен және сапаларымен, жай-күйлерімен танысады, осы қасиеттер мен сапаларды ажырату тәсілдерін үйренеді.

Ұсынылатын дидактикалық ойындардың түрлері:

1. Саяхат ойындары: балаларды қызықтыруға, олардың назарын айналасындағы заттарға аударуға арналған. Бұл ойындар байқағыштықты дамытады, қиындықтарды еңсеруге ықпал етеді, танымдық мазмұнды ашудың әдістері ойын әрекеттерімен үйлестіріледі: міндеттер қою, оны іске асыру тәсілдерін түсіндіру, міндеттерді біртіндеп іске асыру және т.б. Ересек топтың балаларына «Қыс мезгіліне саяхат» ойынында Қар ханшайымы елінен Көктем кейіпкерін босату сияқты әрекеттер ұнайды. Сызба бойынша әрекет ету - Қар ханшайымы берген қызықты тапсырмалары бар аялдамалар орналасқан карта. Тапсырмаларды орындауда балалар қыс мезгілінің белгілерін айтады, табиғатпен өзара байланыс орнатады. Осылайша, балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетте, серуенде, бақылауда алған білімдері тексеріледі.

2. Ойын-тапсырмалар: мазмұны қарапайым, ұзақтығы – қысқа. Олардың барысында балалар негізінен заттармен, ойыншықтармен ауызша тапсырмалар бойынша әрекеттер орындайды. Бұл ойындар қызықты болып келеді. Кіші топтағы балалар ертегілердің кейіпкерлері беретін заттармен (мысалы, көкөністер: сәбіз және шалқан) әрекеттерді орындауды ұнатады: аю шалқанды жақсы көреді, оны себетіне жинау керек, ал қоянға сәбізді жинайды. Ойында педагог балалармен көкөністердің атауын, оларды ажырата білуді және сенсорлық сипаттамалар беруді бекітеді. Балалардың ең сүйікті ойындары – «Жұптар» лотосы. Мектеп жасына дейінгі балалар өздері құрал-жабдықтарын әзірлеуге қатысқан ойындарды ықыласпен ойнайды. Мысалы, «Пияздың өсуін бақылау» ойыны, балалар пияздың өсуін бақылап, оның өсу кезеңдерін карточкаларға салады, содан кейін оларды ойында қолданады.

«Пайдалы және пайдасыз өнімдер» ойыны. Азық-түліктер бейнеленген карточкалар (бір үстелге пайдалы өнімдерді, бір үстелге пайдасыз өнімдерді қою). Пайдалы өнімдер: геркулес, айран, пияз, сәбіз, алма, қырыққабат, күнбағыс майы, алмұрт және т. б.

Пайдасыз азық-түліктер: чипсы, майлы ет, шоколад, торт, газдалған сусын және басқалар.

3. Ұсыныс түріндегі ойындар: («не болар еді.....»). Балалардың алдына міндет қойылып, әрі қарай оларға әрекетті түсінуді қажет ететін жағдаяттар беріледі. Ересек топтың балалары мынадай жағдаятты түсіндіру қажет: «егер су жоғалып кетсе не болар еді?», олар суды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктер әлемі және судың жоғалуының салдары туралы айтып береді. Ойын барысында балаларға: «егер сынған бұтақты және көшеде марғауды көрсең, баланың көшеге қоқыс тастап жатқанын көрсең, не істер едің?», «лас қолмен тамақ жеген жағдайда не болады?» деген сұрақтар қойылады. Бұл сұрақтар балалардың ойлау қабілетін арттырады, оларды бір-бірін тыңдауға үйретеді. Байланыстырып сөйлеуі, бірізді негізгі ойды жеткізе білуі дамиды.

4. Жұмбақ жасыру ойындары: олар арқылы балалардың алған білімін, тапқырлығын тексеруге болады. Жұмбақтарды шешу талдау, жалпылау қабілетін дамытады, талқылау, қорытынды жасай білуді қалыптастырады. Балалар жұмбақтар шешуді ұнатады, бөбек жасындағы балалар жануарлар туралы жұмбақтарды жақсы көреді, ал мектеп жасына дейінгі балалар командалармен жарысатын ойындарға қызығушылық танытады. Ойында өзара көмек көрсету, ойынның мақсатына жетуде табандылық таныта білу байқалады: «Сары түсті заттарды атау», «Дөңгелек пішінді заттарды атау», «Қыста не болады?», «Ұшады-ұшпайды», «Үй немесе жабайы жануарлар».

5. Әңгімелесу ойындары: олардың негізі-қарым-қатынас жасау, жанашырлық, қамқорлық таныту. Мұндай ойын жағымды эмоция тудырады және ойлау процестерін белсендіреді, сұрақтар мен жауаптарды тыңдай білуге, мазмұнға назар аударуға, айтылған ойды толықтыруға, өз пікірін айтуға үйренеді. Ойындар мынадай мазмұнда болуы мүмкін: «сөйлемді аяқта: «Тиін күзде азық жинайды, өйткені...», «Құстар ұша алады, себебі...», «Көктемде ағаштар бүршік атып, гүлдейді, өйткені...» немесе: «Лимонның түсі сары, ал қиярдың түсі...», «Көктемде ағаштардың жапырақтары өседі, ал күзде...», «Жазда жаңбыр жауады, ал қыста...», «Көз не үшін қажет.....».

Экологиялық тәрбие бойынша дидактикалық ойындарды өткізудің негізгі шарттары:

1. Педагогте дидактикалық ойындарға қатысты белгілі бір білім мен біліктердің болуы.

2. Ойынды дұрыс ұйымдастыру. Бұл балалардың қызығушылығын, бір-бірін тыңдауға, ойынға қатысуға деген ұмтылысын қамтамасыз етеді.

3. Педагогтің ойынға қатысуы. Ол ойынға қатысушы және ойынды басқарушы болып табылады.

4. Ойын - сауық пен тәрбиелеу-білім беру процесін оңтайлы үйлестіру қажет.

5. Балалардың ойынға деген жағымды эмоциясын арттыратын құралдар мен әдістерді мақсат ретінде емес, дидактикалық міндеттерді іске асыруға ықпал ететін тәсіл ретінде қарастырған абзал.

6. Педагог пен балалар арасында сыйластық, өзара түсіністік, сенімділік болуы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру қазіргі кезде білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндет болып табылады.

Экологиялық сауатты азаматтарды тәрбиелеу ерте жастан басталуы тиіс, бұл кезде балалар жаңа білім мен біліктерді қабылдауға бейім болады.

Экологиялық тәрбие балалардың табиғатқа саналы және жауапты қарауын дамытуға ғана емес, сонымен қатар қамқорлық, жаашырлық және жауапкершілік сияқты маңызды жеке қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдістемелік ұсынымдар балаларды экология әлеміне бірізді және жүйелі енгізуге бағытталған. Ойын әдістері, жобалау және практикалық әрекеттер сияқты әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану тәрбиелеу-білім беру процесін балалар үшін қызықты және тартымды етуге мүмкіндік береді.

Жаһандық экологиялық проблемалар жағдайында балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру ерекше маңызды болып отыр. Бұл табиғатқа және оны сақтауға жауапкершілікпен қараудың негізін қалауға септігін тигізеді.

Негізгі мақсат – мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде, байқағыштық пен білуге құштарлықты дамыту, экологиялық жағымды мінез-құлықты қалыптастыру және ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту міндеттерін іске асыру арқылы қол жеткізіледі.

Экологиялық білім беруді тәрбиелеу-білім беру процесімен, ойын әдістерімен, жобалау және практикалық әрекетпен кіріктіру балаларда экологиялық білім мен дағдыларды тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдарды іске асыру балаларда экологиялық сауаттылық деңгейін арттыруға, табиғатқа және экологиялық мәселелерге қызығушылықты қалыптастыруға, экологиялық жағымды мінез-құлық дағдыларын дамытуға және педагогтер, балалар мен олардың ата-аналары арасында өзара ынтымақтасты нығайтуға ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар табиғатқа қамқорлықпен қарайтын және оны сақтауға белсенді қатысатын келешек ұрпақты тәрбиелеуге ықпал ететін мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша жүйелі және мақсатты жұмыс жүргізуді ұсынады.

Бұл істе табысқа жету педагогтердің, ата-аналар мен қоғамның үйлестірілген күш-жігеріне байланысты екенін есте ұстаған абзал.

Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыста күш-жігерді біріктіру арқылы табиғи байлықты дамытуға және келешек ұрпақ үшін оның сақталуына жағдай жасауға болады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2023-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары 3.1 «Жасыл балабақша» желісін құру»: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2023 жылғы 19 шілдедегі № 213 бұйрығы

2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

МАЗМҰНЫ

1	ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА	3
2	КІРІСПЕ	4
3	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ	5
4	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ	7
5	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР	9
6	ҚОРЫТЫНДЫ	12
7	ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	13

*Разработаны на базе Института раннего развития детей
Министерства просвещения Республики Казахстан*

Методические рекомендации по формированию экологической культуры дошкольников: Методические рекомендации. – Астана, 2024 г. – 27 стр.

Рецензенты:

Сактаганов Б.К., PhD доктор

Смагулова Б.Б., заведующая

Бектемисова К.К., методист

В Методических рекомендациях рассматриваются рекомендации по формированию экологической культуры дошкольников.

Данные Методические рекомендации рекомендованы педагогам дошкольных организаций и предшкольных классов школ, лицеев и гимназий.

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Института раннего развития детей МП РК (протокол № 6 от 24 июля 2024 года).

Институт раннего развития детей, 2024 год

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Актуальность методических рекомендаций заключается в том, что формирование экологической культуры у дошкольников является одной из приоритетных задач современного образования.

В условиях глобальных экологических вызовов, таких как изменение климата, загрязнение окружающей среды и утрата биоразнообразия, особенно важно начать воспитание ответственного отношения к природе с самого раннего возраста.

Дошкольный возраст – это период, когда у детей формируются базовые представления о мире, закладываются основы мировоззрения и поведения [1]:

- ознакомление с основами экологии;
- предоставление детям базовых знаний о природе и экологических процессах;
- развитие наблюдательности и любознательности;
- формирование у детей интереса к изучению окружающего мира;
- формирование экологически правильного поведения;
- привитие детям навыков бережного отношения к природным ресурсам и окружающей среде;
- вовлечение родителей и общества;
- создание условий для активного участия родителей в экологическом воспитании детей.

Реализация методических рекомендаций позволит повысить уровень экологической грамотности у детей, сформировать устойчивый интерес к природе и экологическим вопросам, развить навыки экологически правильного поведения, укрепить взаимодействие между педагогами, детьми и их родителями в вопросах охраны окружающей среды.

Формирование экологической культуры у дошкольников является важной и актуальной задачей, решение которой требует систематической и целенаправленной работы педагогов, детей и их родителей.

Привитие детям любви и уважения к природе с раннего возраста станет залогом воспитания ответственных и экологически грамотных граждан, способных в будущем активно участвовать в охране окружающей среды и решении экологических проблем.

Данные методические рекомендации представляют собой практическое руководство по формированию экологической культуры дошкольников.

Целью методических рекомендаций является оказание методической помощи педагогам дошкольных организаций и предшкольных классов школ, лицеев и гимназий по формированию экологической культуры детей дошкольного возраста.

ВВЕДЕНИЕ

Формирование экологической культуры у дошкольников крайне важно, поскольку именно в раннем возрасте закладываются основы отношения к окружающему миру и формируются жизненные ценности.

Современные экологические проблемы, такие как глобальное потепление, загрязнение окружающей среды и потеря биологического разнообразия, требуют от общества активных действий и изменения поведения [2].

Воспитание экологически грамотных граждан начинается с детского сада, где дети получают первые знания о природе и учатся бережно относиться к ней.

В условиях урбанизации и технологического прогресса современные дети все реже контактируют с природой. Это приводит к тому, что у них не формируется должного понимания взаимосвязи человека и окружающей среды.

Следовательно, одной из главных задач педагогов является создание условий для экологического воспитания [3], [4], которое включает в себя не только теоретические знания, но и практическую деятельность.

Основная цель формирования экологической культуры у дошкольников – это развитие у детей осознанного и ответственного отношения к природе, понимания значимости ее сохранения для будущих поколений.

Для достижения этой цели необходимо решить следующие задачи:

- обучить основам экологии через ознакомление детей с базовыми понятиями и законами экологии;
- развивать наблюдательность и любознательность, воспитывая у детей интерес к природным явлениям и процессам;
- сформировать экологически правильное поведение, прививая навыки бережного отношения к природным ресурсам и окружающей среде;
- вовлекать родителей и общество в создание условий для совместной экологической деятельности детей и их родителей.

Данные методические рекомендации по формированию экологической культуры у дошкольников позволят повысить уровень экологической грамотности у детей и устойчивый интерес к природе и экологическим вопросам, а также развивать навыки экологически правильного поведения и взаимодействия между педагогами, детьми и их родителями в вопросах охраны окружающей среды.

Систематическая и целенаправленная работа по формированию экологической культуры у дошкольников является важным шагом на пути к воспитанию нового поколения, которое будет бережно относиться к природе и стремиться к сохранению окружающей среды для будущих поколений.

Внимание педагогов должно быть сосредоточено на формировании экологической культуры дошкольников.

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ У ДОШКОЛЬНИКОВ

Формирование экологической культуры у дошкольников – важный аспект воспитания, который помогает детям развивать ответственное отношение к окружающей среде, а также основывается на нескольких ключевых принципах, которые помогают создать эффективную и целенаправленную систему воспитания.

Основные принципы:

- принцип наглядности;
- принцип постепенности и последовательности;
- принцип практической направленности;
- принцип интеграции;
- принцип игрового обучения
- принцип учета возрастных особенностей;
- принцип природосообразности;
- принцип активности и самостоятельности;
- принцип сотрудничества (Таблица 1).

Таблица 1. Основные принципы формирования экологической культуры у дошкольников.

№	Принципы	Действия	Результат
1	Принцип наглядности	Надо использовать наглядные материалы (картинки, фотографии, видео), чтобы дети могли визуализировать экологические процессы и явления.	Использование визуальных материалов помогает детям лучше понимать и запоминать информацию.
2	Принцип постепенности и последовательности	Обучение должно проводиться последовательно, от простого к сложному.	Это означает, что знания и навыки вводятся постепенно, по мере усвоения предыдущего материала. Систематический подход обеспечивает углубление и расширение экологических знаний.
3	Принцип практической направленности	Включайте в занятия практические действия (посадка растений, уход за ними), чтобы дети могли применять знания на практике.	Дети участвуют в реальных делах, связанных с природой, таких как посадка растений, уход за животными, сбор мусора, участие в экологических акциях. Это помогает им применять теоретические знания на практике и осознавать значимость своих действий.
4	Принцип интеграции	Экологическое воспитание должно быть интегрировано в	Организованные деятельности на экологические темы могут быть интегрированы через

		различные виды детской деятельности.	компетенции (физическое развитие, развитие коммуникативных, познавательных, творческих навыков), что позволяет детям видеть связь между экологией и другими аспектами жизни.
5	Принцип игрового обучения	Используйте игровые методы, чтобы сделать обучение интересным и увлекательным для детей.	Игра является естественной формой деятельности для дошкольников, поэтому игровые методы очень эффективны для обучения. Экологические игры, квесты, ролевые игры и викторины помогают детям усваивать информацию в увлекательной и доступной форме.
6	Принцип учета возрастных особенностей	Обучение должно соответствовать возрастным и индивидуальным особенностям детей.	Для детей ясельного возраста подходят более простые и наглядные задания, тогда как для детей дошкольного возраста можно использовать более сложные и абстрактные понятия.
7	Принцип природосообразности	Важно показать детям, что человек – часть природы, и его деятельность должна быть гармоничной и не наносить вред окружающей среде.	Воспитание должно строиться на основе уважения к природе и её законам.
8	Принцип активности и самостоятельности	В процессе экологического воспитания необходимо поощрять активность и самостоятельность детей.	Дети должны иметь возможность сами исследовать, экспериментировать, делать выводы и принимать решения, связанные с природой и окружающей средой.
9	Принцип сотрудничества	Воспитание экологической культуры требует сотрудничества между педагогами, детьми и их родителями.	Совместные проекты, семейные экологические акции и мероприятия способствуют укреплению экологических знаний и навыков, а также развитию чувства ответственности за окружающую среду.

Применение этих принципов в воспитательно-образовательном процессе помогает создать прочную основу для формирования экологической культуры у дошкольников, развивает их любовь и уважение к природе, а также воспитывает ответственных граждан, готовых заботиться о планете.

МЕТОДЫ И ПРИЁМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ У ДОШКОЛЬНИКОВ

Формирование экологической культуры у дошкольников требует использования разнообразных методов и приёмов, которые помогут детям лучше понять и усвоить экологические знания, развить навыки и сформировать ценностные ориентации.

Основные методы и приёмы, которые могут быть использованы в работе с дошкольниками:

- 1) наблюдение;
- 2) экскурсии и прогулки;
- 3) игровые методы;
- 4) проектная деятельность;
- 5) творческая деятельность;
- 6) чтение педагогом и обсуждение;
- 7) экспериментирование;
- 8) использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ);
- 9) вовлечение родителей (Таблица 2).

Таблица 2. Основные методы и приёмы формирования экологической культуры у дошкольников.

№	Методы и приёмы	Характеристики	Варианты
1	Наблюдение	Наблюдение является основным методом экологического воспитания, так как помогает детям видеть и понимать окружающий мир.	Наблюдение за природными явлениями: Рассмотрение погоды, сезонных изменений, поведения животных и растений. Наблюдение за растениями и животными: Уход за растениями в группе, наблюдение за животными в зоопарке или парке.
2	Экскурсии и прогулки	Организация экскурсий и прогулок на природу помогает детям непосредственно взаимодействовать с окружающей средой	Экскурсии в парки и леса: Ознакомление детей с различными экосистемами. Посещение ботанических садов и зоопарков: Расширение знаний о растениях и животных.
3	Игровые методы	Использование игр способствует усвоению экологических знаний в увлекательной форме	Ролевые игры: Игра в «лес», «реку» или «зверушек» помогает детям понять поведение и жизнь животных. Дидактические игры: Викторины, пазлы, экологические лото и игры на сортировку отходов.

4	Проектная деятельность	Проекты помогают детям участвовать в длительных и значимых мероприятиях, развивают их инициативу и ответственность	Создание мини-сада или огорода: Посадка и уход за растениями. Экологические акции: Уборка территории, посадка деревьев.
5	Творческая деятельность	Включение элементов творчества способствует развитию эмоциональной сферы и эстетического восприятия природы	Рисование и аппликации на экологические темы: Создание картин природы, изображение животных. Моделирование и конструирование: Создание макетов природных объектов.
6	Чтение педагогом и обсуждение	Чтение книг педагогом и обсуждение их содержания помогает детям лучше понять экологические проблемы	Чтение художественной литературы: Сказки и рассказы о природе. Обсуждение прочитанного: Выяснение мнений детей, их отношение к героям и событиям.
7	Экспериментирование	Проведение элементарных опытов помогает детям понять природные явления и законы	Опыт с растениями: Наблюдение за прорастанием семян, влиянием света и воды на рост растений. Опыт с водой: Изучение свойств воды, круговорота воды в природе.
8	Использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ)	ИКТ могут сделать воспитательно-образовательный процесс более наглядным и интересным:	Просмотр видеofilьмов и мультфильмов: Познавательные и обучающие фильмы о природе. Использование интерактивных приложений и игр: Обучающие программы и игры на экологическую тематику.
9	Вовлечение родителей	Активное участие родителей в экологическом воспитании помогает закрепить умения и навыки:	Совместные проекты и мероприятия: Участие в семейных экологических акциях и проектах. Вовлечение родителей в выполнение заданий по экологической тематике дома

Эти методы и приёмы в комплексе помогают сформировать у воспитанников глубокое и осознанное отношение к природе, развивают навыки бережного отношения к окружающей среде и формируют основы экологической культуры.

РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ У ДОШКОЛЬНИКОВ

В группах рекомендуется создать предметно-пространственную развивающую среду, обеспечивающую формирование экологической культуры воспитанников:

- организовать «зелёную зону», в которой дети получают навыки по уходу за растениями;

- собрать демонстрационный материал, способствующий уточнению и закреплению умений и навыков о природе (гербарии, коллекции, альбомы, картотеки пословиц, поговорок, народных примет о природе).

Регулярно проводить тематические прогулки, экскурсии. Экскурсии — один из видов совместной деятельности взрослого и ребёнка в процессе формирования экологической культуры. Во время экскурсии дети могут в естественной обстановке наблюдать явления природы, сезонные изменения. Преимущества экскурсий в том, что здесь дети имеют возможность видеть растения и животных в среде их обитания. Наблюдение является наиболее значимым методом при накоплении конкретных сведений о растениях, животных, явлениях неживой природы. С его помощью ребенок познает не только внешние параметры объектов (окрас, строение, запах и пр.), но и их связь со средой. Наблюдение, как метод работы с детьми рекомендуется чаще использовать в повседневной жизни, а на организованной деятельности обобщать, конкретизировать знания, полученные в процессе наблюдения.

Осуществлять ознакомление с природой в разнообразных формах: в организованной деятельности и в повседневной жизни (в труде, играх).

В работе по формированию экологической культуры использовать различные виды детской деятельности. Формирование экологической культуры необходимо сопровождать чтением художественной литературы, показом иллюстраций, видеофильмов.

Труд в природе имеет большое воспитательное значение в системе экологического воспитания. В процессе труда у детей формируется бережное, заботливое отношение к природе. Труд в природе создаёт благоприятные условия для сенсорного воспитания детей дошкольного возраста. В процессе труда решаются и образовательные задачи. Дети получают представления об объектах труда, свойствах и качествах растений, их строении, потребностях.

Одним из эффективных и наиболее интересных для детей средством экологического воспитания являются дидактические игры с природным материалом. Игры доставляют детям много радости, и содействуют их всестороннему развитию. В процессе игр формируются знания об окружающем мире, воспитываются познавательные интересы, любовь к природе, бережное и заботливое отношение к ней, а также поведение в природе. Они расширяют кругозор детей, создают благоприятные условия для решения задач сенсорного воспитания. Играя в игры с природоведческим

материалом, дети знакомятся со свойствами и качествами, состояниями объектов природы, усваивают способы установления этих свойств.

Рекомендуемые виды дидактических игр:

1. Игры-путешествия: призваны усилить впечатление, обратить внимание детей на то, что находится рядом. Они обостряют наблюдательность, обличают преодоление трудностей. В этих играх используют многие способы раскрытия познавательного содержания в сочетании с игровой деятельностью: постановка задач, пояснение способов её решения, поэтапное решение задач и так далее. Детям старшей группы очень нравится в этих играх процесс освобождения, какого либо сказочного героя из беды, как в игре «Путешествие по зимней стране» освободить Весну из страны Снежной королевы. Действовать по схеме - карте, на которой расположены пункты остановок с интересными заданиями, которые задала Снежная королева. При выполнении заданий дети повторяют признаки зимы, установление взаимосвязей в природе. Таким образом, проверяются знания полученные детьми на занятиях, прогулках, наблюдениях.

2. Игры поручения: По содержанию проще, а по продолжительности – короче. В основе их лежат действия с предметами, игрушками, словесные поручения. Эти игры интересны своим разнообразием. Малышам нравится выполнять действия с предметами (например, овощи: морковь и репа), которые приносят им персонажи или герои сказок: Медвежонок любит репу, нужно её собрать в его корзинку, а Зайчику – собрать морковь. В игре малыши закрепляют название овощей, умение различать их и давать сенсорные характеристики. Самые любимые игры малышей – это лото «Парочки». Старшие дети с удовольствием играют с играми, в изготовлении которых они сами принимали участие. Например, возьмём игру «Цепочка роста лука». Дети, наблюдая за ростом лука, зарисовывают стадии его роста на карточки, а затем используют их в игре.

Игра «Полезные - неполезные». Карточки с изображением продуктов (на один стол разложить то, что полезно, на другой - что бесполезно). Полезные продукты: геркулес, кефир, лук, морковь, яблоки, капуста, подсолнечное масло, груши и т.д.

Неполезные: чипсы, жирное мясо, шоколадные конфеты, торты, газированная вода и так далее.

3. Игры-предложения: («что было бы...»). Перед детьми ставится задача и создаётся ситуация, которая требует осмысления последующего действия. Детям старшей группы задается такая ситуация: «что было бы, если бы исчезла вода?». Дети дают объёмные ответы о животном и растительном мире, нуждающемся в воде, и о последствиях при исчезновении воды. Используются такие вопросы в игре: «если бы ты заметил сломанную веточку; маленького котёнка на улице; мальчишка бросил мусор, что бы ты сделал?», «если бы ты ел грязными руками?». Эти вопросы активизируют мыслительную деятельность детей, они учат слушать друг друга. Развивается связная речь, умение говорить последовательно, логично.

4. Игры-загадки: В основе их лежит проверка знаний, находчивости. Разгадывание загадок развивает способность к анализу, обобщению, формирует умение рассуждать, делать выводы. Отгадывать загадки любят дети разного возраста, малышам больше нравятся загадки про животных. Старшие проявляют интерес к тем играм, где они соревнуются командами. В игре проявляется взаимовыручка, настойчивость в достижении цели Игры могут быть разными: «Что бывает желтое?», «Что бывает круглое?», «Что бывает зимой?», «Летает - не летает», «Животное домашнее или дикое».

5. Игры-беседы: В основе их лежит общение, основным является непосредственность переживаний, заинтересованность, доброжелательность. Такая игра предъявляет требования к активизации эмоциональных и мыслительных процессов. Она воспитывает умение выслушивать вопросы и ответы, сосредоточивать внимание на содержании, дополнять сказанное, высказывать суждения. Игры могут такие: «Закончи предложение: «Белка осенью запасает корма, потому что...», «Птицы могут летать, потому что...», «Весной почки на деревьях набухают и распускаются, потому что...». Или: «Лимон желтый, а огурец...», «Ромашка белая, а василек...», «Весной листья на деревьях растут, а осенью...», «Летом бывает дождь, а зимой...», «Глаза нужны для ...».

Основные условия проведения дидактической игры экологического воспитания:

1. Наличие у педагога определённых знаний и умений относительно дидактических игр.
2. Выразительность проведения игры. Это обеспечивает интерес детей, желание слушать, участвовать в игре.
3. Необходимость включения педагога в игру. Он является и участником, и руководителем игры.
4. Необходимо оптимально сочетать занимательность и обучение.
5. Средства и способы, повышающие эмоциональное отношение детей к игре, следует рассматривать не как самоцель, а как путь, ведущий к выполнению дидактических задач.
6. Между педагогом и детьми должна быть атмосфера уважения, взаимопонимания, доверия, и сопереживания.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Формирование экологической культуры у дошкольников является фундаментальной задачей, стоящей перед современным образованием.

Воспитание экологически грамотных граждан должно начинаться с раннего возраста, когда дети особенно восприимчивы к новым знаниям и навыкам.

Экологическое воспитание помогает не только развить у детей осознанное и ответственное отношение к природе, но и формирует важные личностные качества, такие как забота, уважение и ответственность.

Методические рекомендации направлены на систематическое и последовательное введение детей в мир экологии. Использование разнообразных методов и приёмов, таких как игровые методики, проектная и практическая деятельность, позволяет сделать процесс обучения интересным и увлекательным для детей.

В условиях глобальных экологических проблем формирование экологической культуры у детей становится особенно важным. Это позволяет закладывать основы ответственного отношения к природе и её сохранению.

Основная цель – развитие у дошкольников экологической культуры – достигается через решение задач по обучению основам экологии, развитию наблюдательности и любознательности, формированию экологически правильного поведения и вовлечению родителей в процесс воспитания.

Использование интеграции экологического воспитания в образовательный процесс, игровых методик, проектной и практической деятельности позволяет эффективно формировать у детей экологические знания и навыки.

Реализация методических рекомендаций способствует повышению уровня экологической грамотности у детей, формированию устойчивого интереса к природе и экологическим вопросам, развитию навыков экологически правильного поведения и укреплению взаимодействия между педагогами, детьми и их родителями.

Методические рекомендации по формированию экологической культуры дошкольников призваны сфокусировать внимание на систематической и целенаправленной работе по формированию экологической культуры у дошкольников, способствующей воспитанию нового поколения, которое будет бережно относиться к природе и активно участвовать в её сохранении.

Важно помнить, что успех в этом деле зависит от скоординированных усилий педагогов, родителей и общества в целом.

Только совместными усилиями в общей работе по формированию экологической культуры дошкольников мы сможем создать условия для устойчивого развития и сохранения природного богатства для будущих поколений.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Пункт 3.1 «Создание сети «Жасыл балабақша» Плана мероприятий экологического образования и воспитания в организациях дошкольного, среднего, технического и профессионального образования на 2023-2029 годы: Приказ и.о. Министра просвещения Республики Казахстан от 19 июля 2023 года № 213. – 2023. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39058193
2. План мероприятий экологического образования и воспитания в организациях дошкольного, среднего, технического и профессионального образования на 2023-2029 годы: Приказ и.о. Министра просвещения Республики Казахстан от 19 июля 2023 года № 213. – 2023. – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39058193
3. Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023-2029 годы: Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249. – 2023. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>
4. Модель развития дошкольного воспитания и обучения: Постановление Правительства от 15 марта 2021 г. № 137. – 2021. – (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137>)
5. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения: приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 августа 2016 года №499. – (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014235>).

СОДЕРЖАНИЕ

1	ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА	16
2	ВВЕДЕНИЕ	17
3	ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ У ДОШКОЛЬНИКОВ	18
4	МЕТОДЫ И ПРИЁМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ У ДОШКОЛЬНИКОВ	20
5	РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ У ДОШКОЛЬНИКОВ	22
6	ЗАКЛЮЧЕНИЕ	25
7	СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ	26